

Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы тауарлардың шығарылған жерін сертификаттау мен верификациялаудың электрондық жүйесі шеңберінде электрондық ақпарат алмасу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 2 шілдедегі № 525 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы тауарлардың шығарылған жерін сертификаттау мен верификациялаудың электрондық жүйесі шеңберінде электрондық ақпарат алмасу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы Жандос Жұмабайұлы Дүйсембиевке Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы тауарлардың шығарылған жерін сертификаттау мен верификациялаудың электрондық жүйесі шеңберінде электрондық ақпарат алмасу туралы хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 2 шілдедегі
№ 525 қаулысымен
мақұлданған
Жоба

Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы тауарлардың шығарылған жерін сертификаттау мен верификациялаудың электрондық жүйесі шеңберінде электрондық ақпарат алмасу туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, бір тараптан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкіметі (бұдан әрі – ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер) мен Еуразиялық экономикалық одақ және екінші тараптан Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі (бұдан әрі – Вьетнам)

2015 жылғы 29 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімнің 4.29-бабын (Сертификаттаудың және шығарылған жерін верификациялаудың электрондық жүйесін дамыту және енгізу) басшылыққа ала отырып,

тарифтік жеңілдіктерді беру үшін пайдаланылатын, тауарлардың шығарылған жерін құжатпен растауға байланысты шығындарды қысқартуды құптай отырып,

тарифтік жеңілдіктерді беру рәсімдерін оңайлату және мерзімдерін қысқарту мақсатында,

тауардың шығарылған жері туралы сертификаттар беруге уәкілетті, Тараптардың кеден органдары мен органдар (ұйымдар) арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға ұмтыла отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Анықтамалар

Осы Хаттаманың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"Уәкілетті орган" – ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің немесе Вьетнамның тауардың шығарылған жері туралы сертификаттар беруге, тауардың шығарылған жері туралы берілген сертификаттар туралы ақпаратты қамтитын ақпараттық ресурстарды қалыптастыруға және қолдауға, сондай-ақ кеден органдарының сұрау салуларына жауап ретінде оларды тексеру үшін тауардың шығарылған жері туралы сертификаттар туралы ақпарат беруге уәкілетті орган немесе ұйым;

"ЕАЭО интеграцияланған ақпараттық жүйесі" – ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттері және Еуразиялық экономикалық комиссияның интеграциялық сегменті біріктірілген, аумақтық бөлінген мемлекеттік ақпараттық ресурстар мен уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерінің, Еуразиялық экономикалық комиссияның ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерінің ұйымдық жиынтығы ;

"Вьетнамның Ұлттық "бірыңғай терезесі" – Вьетнамдағы кеден декларанттарына интеграцияланған ақпараттық жүйе арқылы экспортталатын және импортталатын тауарларға қатысты мемлекеттік басқару органдары орындайтын кедендік рәсімдер мен рәсімдерді жасау үшін ақпаратты және электрондық құжаттарды жолдауға мүмкіндік беретін механизм.

2-бап

Ақпаратты беру

1. Осы баптың мақсатында ақпаратпен алмасу осы Хаттамаға қосымшаға сәйкес Техникалық шарттарға сәйкес ЕАЭО-ның Интеграцияланған ақпараттық жүйесі және Вьетнамның Ұлттық "бірыңғай терезесі" арқылы жүзеге асырылады.

2. Вьетнамның уәкілетті органы ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің тиісті орталық кеден органына Вьетнам аумағынан осы ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің аумағына экспортталатын тауарларға берілетін тауардың шығарылған жері туралы сертификаттарда қамтылған ақпаратты береді.

3. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің тиісті уәкілетті органы осы ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің аумағынан Вьетнам аумағына экспортталатын тауарларға берілетін тауардың шығарылған жері туралы сертификаттарда қамтылған ақпаратты Вьетнамның орталық кеден органына береді.

3-бап

Құпиялылық

Осы Хаттамаға сәйкес ұсынылатын барлық ақпаратты Тараптар өзінің тиісті ұлттық заңнамасына және нормативтік актілеріне сәйкес құпия ретінде қарауға тиіс. Мұндай ақпаратты ашу сот талқылаулары шеңберінде талап етілуі мүмкін жағдайларды қоспағанда, мұндай ақпаратты берген екінші Тараптың уәкілетті органдарының жазбаша рұқсатынсыз мұндай ақпаратты бір Тараптың кеден органы ашпауға тиіс.

4-бап

Өзгерістер енгізу

1. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Хаттамаға өзгерістер енгізілуі мүмкін.

2. Мұндай өзгерістер жеке хаттамалармен ресімделуге тиіс және осы Хаттаманың ажырамас бөлігін құрайды.

5-бап

Консультация

1. Осы Хаттаманы іске асыруға байланысты кез келген мәселелер Тараптар арасында консультациялар немесе келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

2. Егер қандай да бір Тарап мәселені осы баптың 1-тармағында көзделген консультациялар немесе келіссөздер арқылы реттеу мүмкін емес деп есептесе, бұл Тарап 2015 жылғы 29 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімнің 1.4-бабына (Бірлескен комитет) сәйкес құрылған Бірлескен комитет шеңберінде осындай мәселені шешуге жүгінуге құқылы.

6-бап

Күшіне енуі

1. Осы Хаттама дипломатиялық арналар арқылы Тараптардың осы Хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген хабарламалармен алмасу Вьетнам мен Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы уәкілеттік берген Еуразиялық экономикалық комиссия арасында жүзеге

асырылады және Ресей Федерациясы осы Хаттама депозитарийінің функцияларын жүзеге асырады.

20__ жылғы " __ " _____ қаласында екі түпнұсқа данада ағылшын тілінде жасалды, екі мәтіннің де күші бірдей.

Армения Республикасының Үкіметі үшін	Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі үшін
Беларусь Республикасының Үкіметі үшін	Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін
Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті үшін	Ресей Федерациясының Үкіметі үшін
Еуразиялық экономикалық одақ үшін	